

Облыс әкімдігінің 2013 жылғы 1 шілдедегі № 199 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығымен сапасын арттыруға арналған ауыл шаруашылығы басым дақылдарының тізбесін және субсидиялау нормативтерін белгілеу туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2013 жылғы 25 қарашадағы № 362 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 05 желтоқсанда № 3694 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақтөбе облысы әкімінің аппаратының 2014 жылғы 9 қаңтардағы № 14-5/53 хаты).

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақтөбе облысы әкімінің аппаратының 09.01.2014 № 14-5/53 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-бабына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысының әкімдігінің 2013 жылғы 1 шілдедегі № 199 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған ауыл шаруашылығы басым дақылдарының тізбесін және субсидиялау нормативтерін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3603 болып тіркелген, "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде 2013 жылғы 16 шілдеде № 83 жарияланған) қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген қаулының 1-қосымшасы мына мазмұндағы 5.4, 5.5 тармақтармен толықтырылсын:

"

5.4	майлы дақылдар, дәндік жүгері, сүрлемдік жүгері өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін және өнеркәсіптік үлгідегі спринклерлік суару жүйелерін қолдана отырып өсірілген
5.5	суармалы түрде көп жылдық шөптер, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы көп жылдық бұршақты шөптер және шабындық және (немесе) жайылымдық жерге шөп егіп жаңарту және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін егілген көп жылдық шөптер (көп жылдық шөптердің көнежастағы егістігін жырту ескеріледі) өсірілген

";

2-қосымша мына мазмұндағы 5.4, 5.5 тармақтармен толықтырылсын:

"

5.4	майлы дақылдар, дәндік жүгері, сүрлемдік жүгері өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін және өнеркәсіптік үлгідегі спринклерлік суару жүйелерін қолдана отырып өсірілген	24 500
5.5	суармалы түрде көп жылдық шөптер, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы көп жылдық бұршақты шөптер және шабындық және (немесе) жайылымдық жерге шөп егіп жаңарту және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін егілген көп жылдық шөптер (көп жылдық шөптердің көнежастағы егістігін жырту ескеріледі) өсірілген	24 500

".

2. "Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны Басқарманың ғаламтор–ресурссында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А.Мұхамбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А.Мамытбеков